
Мектепке дейінгі білім беруді ваучерлік қаржыландыру

ВАУЧЕРЛІК ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ҚАҒИДАТТАРЫ

БҰРЫН:

"Балабақшадағы орын «үшін кезек»




кезектен тыс


Балабақшаны білім басқармасы анықтайды



- таңдайды
- қосады
- орналастырады
- қаржылайды



Мемлекеттік тапсырыс балабақшаға бекітіледі



100 орын

200 орын


130 орын



"Өлі жандар" фактілері, бақылаудың жоқтығы

БОЛАДЫ:


"Ақшаға" кезек - ваучер



Балабақшаны ата-ана таңдайды



- бақшаны таңдайды
- қызметті растайды
- төленеді



Ақша баланың соңынан жүреді



шықты

келді



Тәуекелдерді басқару жүйесі *(кроссчекинг, аномалияны анықтау)* = жемқорлықты барынша азайту

ӘДІЛЕТТІЛІК

САПА

АШЫҚТЫҚ

ТИІМДІЛІК

ЖОБАНЫ ІСКЕ АСЫРУ ҮШІН ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАР

01

«Білім беру қызметтерін алушылар бойынша дербестендірілген қаржыландыруды ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру жөніндегі пилоттық жобаның кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 30.12.2024 жылғы № 372 бұйрығымен келесі құжаттар бекітілген:

- Білім беру қызметтерін алушылар бойынша ваучерлік қаржыландыруды ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру бойынша пилоттық жобаны жүргізу алгоритмі;

- Білім беру қызметтерін алушылар бойынша ваучерлік қаржыландыруды ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру бойынша пилоттық жобаны өткізудің жоспар-кестесі;

- Өңірлердің мектепке дейінгі білім беруді ваучерлік қаржыландыру жөніндегі пилоттық жобаға көшу кестесі

02

Білім беру қызметтерін алушылар бойынша ваучерлік қаржыландыруды ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру жөніндегі пилоттық жобаны бірлесіп іске асыру туралы ҚОСЫЛУ ШАРТЫ әзірленді

ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.12.2024 ж. № 372 бұйрығы «Білім беру қызметтерін алушылар бойынша дербестендірілген қаржыландыруды ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру жөніндегі пилоттық жобаның кейбір мәселелері туралы»

Бекітілген тәртіптер:

- Балабақшаға жіберу үшін балаларды (6 жасқа дейін) кезекке қою
- Ваучерлерді бөлу
- Құжаттарды және балаларды қабылдау
- Көрсетілетін қызметті алушылар контингентін қалыптастыру
- Балабақшалардың тізімін қалыптастыру
- Ваучерлік қаржыландыруды ескере отырып, мемлекеттік тапсырысты орналастыру кезінде Пилоттық жобаға қатысушылардың іс-қимылы


ВАУЧЕРЛІК ҚАРЖЫЛАНДЫРУ КЕЗІНДЕ КЕЗЕККЕ ҚОЮ СХЕМАСЫ ӨЗГЕРЕДІ

ОРЫН АЛУ ҮШІН БАЛА КЕЗЕККЕ ТҰРАДЫ

Жалпы кезек

Басым санаттар (мүгедектер, жетімдер, көп балалы және т.б.)

Кезектен тыс (әскери, ҰҚК және т.б.)




Бөлу 1:3

(1 басым санаттан : 3 жалпы кезектен)

БАЛА ВАУЧЕР АЛУ ҮШІН КЕЗЕККЕ ТҰРАДЫ

ЖАСЫНА ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК МӘРТЕБЕСІНЕ ҚАРАЙ КЕЗЕК:

- өтініштер 21 санатқа бөлінеді;
- әр санаттың өз кезегі бар;
- мемлекеттік тапсырыс итерациялармен бөлінеді (кезеңдер);
- жылына бір рет кезек өзектендіріледі



Кезек санаттары

Санат нөмірі	Санаттың сипаттамасы	Санаттың салмағы
1	Әскери қызметкерлердің, арнайы мемлекеттік органдардың, құқық қорғау органдарының, фельдъегерлік қызмет қызметкерлерініңінің балалары, 5 жасқа толған	**3**
2	Әскери қызметкерлердің, арнайы мемлекеттік органдардың, құқық қорғау органдарының, фельдъегерлік қызмет қызметкерлерініңінің балалары, 2 мен 5 жас аралығында	**2**
3	Мүмкіндігі шектеулі балалар, 2 жастан жоғары, жалпы білім беретін балабақшаларға	**2**
4	5 жасқа толған, ата-анасының бірінде мүгедектігі бар балалар	**2**
5	2 мен 5 жас аралығындағы, ата-анасының бірінде мүгедектігі бар балалар	**2**
6	5 жасқа толған, мүгедек баланы тәрбиелеп отырған отбасылардың балалары	**2**
7	2 мен 5 жас аралығындағы, мүгедек баланы тәрбиелеп отырған отбасылардың балалары	**2**
8	5 жасқа толған, ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар, жетім балалар	**1**
9	2 мен 5 жас аралығындағы, ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар, жетім балалар	**1**
10	5 жасқа толған, көпбалалы отбасындағы балалар	**1**
11	2 мен 5 жас аралығындағы, көпбалалы отбасындағы балалар	**1**
12	5 жасқа толған, педагогтеардің, медициналық қызметкерлердің балалары	**1**
13	2 мен 5 жас аралығындағы, педагогтеардің, медициналық қызметкерлердің балалары	**1**
14	кезекте тұрған, жасы бойынша 5 жасқа толған балалар	**1**
15	кезекте тұрған, жасы бойынша 5 жасқа толған егіз балалар	**1**
16	2 мен 5 жас аралығындағы егіз балалар	**1**
17	МДҰ қатарынан кемінде 6 ай қатарынан барған кезде 2 жастан 6 жасқа дейінгі коммерциялық негізде МДҰ-ға баратын балалар	**1**
18	кезекте тұрған, жасы бойынша 4 жасқа толған балалар	**1**
19	кезекте тұрған, жасы бойынша 3 жасқа толған балалар	**1**
20	кезекте тұрған, жасы бойынша 2 жасқа толған балалар	**1**
21	жасы бойынша 1 жасқа толған балалар немесе одан кіші кезекте тұрған балалар	0

- Кезекке қою күнтізбелік жылдың соңына дейін толық жасқа сәйкес жүзеге асырылады
- Балаларды санаттар арасында ауыстыру 31 шілдеде жүзеге асырылады.
  Санаттар бойынша кезек толық жойылған жағдайда, 1 қаңтарда жаңартуға жол беріледі
- Әрбір санат бойынша кезек нөмірі жеке қалыптастырылады
- Санаттың салмағына сәйкес ваучер бөлу

Кезекке қою

Жалпы білім беру кезегі	Санаторлық кезек	Арнайы кезек
Жалпы Санат бойынша (21 санат)	Әрбір балабақшаға жеке Жасы бойынша	Әрбір балабақшаға жеке Жасы, түзету түрі, тілі бойынша ПМПК қорытындысына сәйкес

Кезекке тұру үшін ата-ана не істеуі керек?



Ақпараттық жүйеде өтініш береді





Ваучер берілуін күтеді

Ата-ана ваучермен не істеуі керек?

Ваучерді 2 күн ішінде пайдалануға келісімін растайды

ИЯ

Бақшаны таңдайды

5 жұм. күні+ 2 күн ұзарту

Шарт жасасады

Жауап жоқ

Қайтадан қалпына келтіру құқығымен 28 күнге стоп листке түседі

Егер жауап болмаса 28 күннен кейін

ЖОҚ

Кезек жойылды

Кезекке қабылдау



Өтінішті және қажетті құжаттарды (жеңілдікті растайтын) ЖБО АЖ-ға жолдайды

Өтініштер автоматты түрде тексеріледі



*Ұсынылған құжаттардың толықтығы мен сәйкестігін растайды



Қате ақпарат



Расталған ақпарат



Кезекке қоюдан бас тарту

(жеңілдікті растайтын)

Берілген санатқа кезекке қою

* - Кезекке қою кезінде жеңілдікті санатты расталмауы бас тартуға негіз болмайды

Кезекке өтініштің күшін жою

- Осы немесе басқа аймақтағы баланы кезекке қоюды анықтау
- Мемтапсырыс шеңберінде ваучер бойынша қызмет көрсетілетін контингентінде баланың болуы
- Уақытша немесе тұрақты тіркеудің болмауы

Ваучер алу

Ваучер алдым.
Әрі қарай не істеу керек?

Ваучер алдым



Тізімнен бос орындарды ескере отырып кез келген бақшаны таңдайды





5 жұм. күні
+ 2 күн ұзарту

Бақшаға қабылдану үшін қажетті құжаттарды дайындайды






Бақшамен электрондық шарт жасасасыз






Балабақшаға тапсырыс көлемі бекітілмейді

БҰРЫН: Бақша бөлінісінде мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемін ЖАО айқындайды



БОЛАДЫ: Балабақшалар жобалық қуаттылыққа сәйкес қатыса алады.
Балабақшаны ата-аналардың өздері таңдайды



Күту парағы



Қалаған балабақшада бос орын болмаса не істеу керек

Ваучер алдым



Бақшада орын жоқ



Уақытша басқа балабақшаны таңдай алады



Қалаған бақшаның күту парағына тіркеледі



Бос орын пайда болған кезде шақыру жіберіледі және ата ана қалаған балабақшаға жазыла алады

Күту парағы не үшін қажет?

Күн сайын орындардың пайда болуын қадағаламау үшін
Тапшы бақтардағы бос орындардың кезектен тыс берілмеуі үшін

Күту парағын кім пайдалана алады?

Күту парағына ваучері бар және осы ваучер бойынша балабақшаға барған бала ғана кіре алады

Күту парағына қалай кіруге болады?


Электрондық өтінім беру қажет. Өтінім беру ата-ананың жеке кабинетінде қолжетімді

Күту парағы үшін қандай жеңілдіктер қарастырылған?

Барлық ваучерлер тең, жеңілдіктер жоқ. Бұрын күту парағына тұрған адам бірінші орынға ие болады. Өтініштер өтініш берілген күн мен уақыт бойынша автоматты түрде сұрыпталады

ӘРБІР БАЛАБАҚШАМЕН ШАРТ ЖАСАЛМАЙДЫ

Әрбір ұйыммен мемлекеттік сатып алу шартын жасалады




Мемтапсырысты орналастыруды тапсырады

Оператор

- Қосылу шартын мемлекеттік сатып алу порталында орналастырады
- Шартқа қосылу туралы хабарлама жібереді

Қосылу шарты

Мемлекеттік сатып алу порталында өтінішке қол қою арқылы қосылады



КЕМШІЛІКТЕР:

- балабақшадағы "орын" қаржыландырылады
- әр ұйыммен жеке шарт жасалады
- қабылданған міндеттемелердің көлемін өзгерту бойынша қиындықтар (контингент кем жағдайда мемтапсырыс жедел бөлінбейді)

АРТЫҚШЫЛЫҚТАР:

- мектепке дейінгі ұйымға мемлекеттік тапсырысты бекітудің болмауы
- еңбек шығынын қысқарту
- бір бақшадан басқа бақшаға балалардың еркін өтуі және артынан қаржының келуі
- жаңа бақшалардың еркін кіруі
- барлық ақпараттық базаларын пайдалана отырып бақылау жүргізу

Төлем схемасы



Күн сайын қатысу табелін толтырады





Оператор айдың 15-күнгі табель негізінде өзінің АЖ-да есеп жасайды



Оператор өзінің АЖ-да әрбір бақша үшін кіруге рұқсат береді



Операторлың АЖ-дағы өз кабинетінде бақша есепті келіседі/қабылдамайды

ИЯ

Оператор актіні бекітеді → ЭСФ қойылады → Оператор төлем жасайды

ЖОҚ

Бақша ЖАО АЖ-да табельді пысықтайды → Түзетілген табель бойынша есеп жасайды

Табель 1-ден 15-ке дейін нақты келу бойынша, 15-нен айдың аяғына дейін болжам бойынша қалыптастырылады

Келесі айдың 1-нен 10-ға дейін ата-ана табельге қол қояды
Өткен айға қайта есептеу жүргізіледі



ВАУЧЕР ҚАРЖЫЛАНДЫРЫЛУ ЖАҒДАЙЛАРЫ:

01 Баланың нақты келуі

01 Баланың ауырғаны туралы парақтың болуы/ата-анасының демалысына өтініштің (60 күн) болуы

01 Ағымдағы күнтізбелік жыл ішінде 40 жиынтық күннен аспайтын баланың болмауы

Ваучерді жою

Ваучер мынадай жағдайларда жойылады:

- басқа елді мекенге көшу;
- баланың қайтыс болуы;
- қатарынан екі ай бойы қатысу табелін растамау;
- баланың ағымдағы күнтізбелік жыл ішінде дәлелді себепсіз 40 жиынтық күннен артық келмеуі

Қаржыландыруды тоқтата тұру

- оператор, тиісті органдар, білім беруді басқару органы бастамашылық жасаған, қызмет алушылардың контингенті бойынша мәліметтерді бұрмалау фактілерін анықтауға байланысты тексерулер жүргізу кезеңінде;
- бақшаны қызмет көрсетушілер тізімінен шығару.

Балаға қатысты қаржыландыруды тоқтата тұру

- басқа елді мекендердің контингентінде қайталануды анықтау,
- ваучердің күшін жою,
- ата-анасынан қызмет көрсетілмегені туралы мәліметтердің келіп түсуі

Тізімді қалыптастыру тәртібі

Конкурс жоқ

01 Жылына бір рет өзінің ресми сайтында өнім берушілердің тізімін қалыптастыру үшін құжаттарды қабылдау туралы ақпаратты орналастырады

02 МДҰ ЖАО АЖ құжаттарды тіркейді

Нысан бойынша өтініш, бейнебақылау камераларының, дабыл түймесінің және дауыстық хабарлаудың болуы туралы ақпарат, тәрбиеленушілерді медициналық қамтамасыз етуді жүзеге асыруға арналған шарт, штаттық кестенің және педагогтардың білімі туралы құжаттарының көшірмелері, ғимаратты/үй-жайларды жалдау шартының көшірмесі (бар болса).

03 Құжаттарды ұсынғаннан кейін 5 жұмыс күні ішінде бар болуын және жарамдылығын тексеруді жүзеге асырады

ЖАО АЖ
- Қызметтің басталғаны және тоқтатылғаны туралы хабарлама
- Медициналық қызметке лицензия (3 және одан көп топтар)

ББ
- Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтама
- Санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкестігі туралы қорытынды
- Мемлекеттік кіріс органдарында қарыздың болмауы

04 Сәйкестікті анықтау үшін балабақшаға шығу үшін комиссия құрайды

Комиссия бару нәтижелері бойынша талаптарға сәйкестігі/сәйкес еместігі туралы хаттама жасайды және тізімді қалыптастырады

Комиссия 3 жылда бір рет жоспарлы мониторинг жүргізеді

Тізімнен алып тастау

- жоспарлы мониторинг шеңберінде анықталған бұзушылықтардың жойылмауы;
- тексеру іс-шараларының нәтижелері бойынша балалардың саны бойынша дұрыс емес ақпарат беруді, бұрмалау фактісін анықтау;
- тіркелетін құжаттарды верификациялау қорытындылары бойынша деректердің дұрыс еместігі анықталған кезде;
- орналасқан жерін өзгерту (ғимаратты/үй-жайды ауыстыру) туралы хабарламаны ұсынбау.

ЖИІ ҚОЙЫЛАТЫН СҰРАҚТАР

1. Неге оператор ретінде «Қаржы орталығы» АҚ таңдалды?

Жауап: «Білім туралы» Заңға сәйкес «Қаржы орталығы» АҚ жан басына шаққандағы қаржыландыруға қатысушылардың қызметін үйлестіру жөніндегі оператор болып табылады.

2. Ваучер не береді?

Жауап: Ваучерлік қаржыландыру, бірінші кезекте, рәсімдік өзгерістерге бағытталған:

1) кезекке тұру түбегейлі өзгереді, енді бала «ақша» үшін кезекте тұрады және бос орындар әділ бөлінеді (бұрын тұрғандар тезірек алады). Бұдан басқа, «орын ұстау» және кезек нөмірін қайтару қағидаты алынып тасталды;

2) «субъективизм» элементтері алып тасталды. Енді ата-ана бақшаны таңдайды және ЖАО әрбір бақ бойынша мемлекеттік тапсырыс көлемін бекітпейді;

3) бақ өзінің жобалық қуаты шегінде ваучерге қатысады;

4) жаңа бақшатар барлық құжаттарды жиналған сәттен бастап бір жыл ішінде, яғни бюджеттен қосымша қаражат бөлінуіне қарамастан тізімге енгізілуі мүмкін. Бұл ретте конкурс деген алынып тасталады;

5) бала қайта кезекке тұрмай өз ваучерімен ауыса алады.

3. Егер бала басқа бақшаға көшсе, басқа бала қашан келеді?

Жауап: Балалар контингентін толықтыру:

- балалардың басқа балабақшалардан ауысып келуі. Бұл үшін «күту парағы» құралы жасалған;
- жаңа ваучерлердің бөлінуі.

4. Ваучер шеңберінде кезекте тұрған барлық балаларды қамту кепілдендіріле ме?

Жауап: Жоқ, ваучерді беру тек қана ЖАО-ның бекітілген бюджеті шегінде жүргізіледі

ЖИІ ҚОЙЫЛАТЫН СҰРАҚТАР (жалғасы)

5. Ваучер банкте шот ашу арқылы беріле ме?

Жауап: Жоқ, ваучер 2 түрде іске асырылады: виртуалды және қаржылық. Виртуалды ваучер кезінде шот ашудың қажеті жоқ және қаражат бірден мектепке дейінгі ұйымға аударылады.

Қаржылық ваучер кезінде ата-ана шот ашады және қаражат кейіннен бақшаға аудару үшін шотқа аударылады. Айта кететін, қаржылық ваучер тек ата-ананың ерік білдірген жағдайда ғана іске асырылады.

6. Жаңа бақшалар ваучерді қалай ала алады?

Жауап: Ақпараттандыру объектісінде өтініш пен құжаттарды орналастыру жеткілікті. Білім бөлімі тексереді және толық пакетті ұсынған жағдайда көшпелі комиссия бақшаға барып сәйкестігін қарайды. Комиссияның оң хаттамасынан кейін бақша тізімге ілінеді.

7. Төлем қалай жүзеге асырылады?

Жауап: 15-күнгі жағдай бойынша ЖАО-ның ақпараттық жүйесінен (мектепке дейінгі ұйымдардың қатысуынсыз) «Қаржы орталығы» АҚ ақпараттық жүйесіне табелі тартылады.

Есеп айырысу 20 күнге нақты көрсетілген қызметтер бойынша және 10 күн ішінде болжамды есеп айырысу бойынша жүргізіледі.

Келесі айда 1-15 күндері аралығында ата-аналардың қатысу табельдерін бекіту процесі жүзеге асырылады.

16 күні бекітілген табельдерді тарту және салыстыру жүргізіледі.

Салыстырып тексеру қорытындылары ағымдағы айдың сомасын есептеу кезінде ескеріледі.

8. Ваучерлік қаржыландыру кезінде қандай тәуекелдер бар?

Жауап: Пилоттық жоба балалар ағыны байқалатын балабақшалардың жеткіліксіз қаржыландыру қаупі бар екенін көрсетті. Бұл ағын ұсынылатын қызмет сапасының төмендігімен байланысты. Тиісінше, олардың дамуына инвестиция салған және салыстырмалы түрде жоғары сапа деңгейіне ие бақшалар, керісінше, қаржыландыруды ұлғайта алды.

9. Балалардың қазіргі контингенті не болмақ?

Жауап: Балабақшаға мемлекеттік тапсырыс негізінде баратын барлық балалар автоматты түрде ваучерге ауысады.